КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 10 қаңтар №7119-23-00-2/14014 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.М. Өтегенова сот отырысының хатшысы Д.Смагулованың қатысуымен, алдын-ала сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"UNIS Company"ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТКА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Ә.Бейсенбайқызы
Жауапкердің өкілідері С.Р.Сыздыков, Е.С.Саламан, А.М.Қойманов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талап арызбен сотқа жүгініп, тараптардың араларында 2023 жылғы 24 маусым айында мемлекеттік сатып алу туралы №78 шарт (бұдан әрі – шарт) жасалған және шарттың 1-ші қосымшасына сай бағасы 22 176 000 теңге бағдарламалық қамтамасыз етуді әкімшілдеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер жеткізу уақыты, келісім шарт жасалған күннен бастап 2023 жылдың 31 желтоқсанға дейін құрайтын белгіленген. Алайда жауапкер белгісіз себептермен тауарды бүгінгі күнге дейін жеткізбегенін көрсете отырып, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды өндіруді сұрады.

2023 жылғы 03 қазанда талап қоюшы жауапкермен шартты бұзған.

Прокурор талапкердің талап арызын толық қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

АІЖК 6-бабының 5-тармағына сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

Талап қою бағдарламалық қамтамасыз етуді әкімшілдеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер жеткізілмеген деп уәжделген.

Шарт талаптары бойынша жауапкер өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенді.

Бұл ретте, жауапкермен тапсырысты орындай алмауына байланысты, талапкер 2023 жылғы 03 қазанда № 78 шарттың күшін жойды.

Азаматтық кодекстің (ары қарай - АК) 272-бабына сәйкес Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Тауарды жеткізу бойынша міндеттемелер орандалмағандықтан, сот талапкердің талаптарын негізді және қанағаттандырылатын деп санайды.

Сот, ұсынылған құжаттармен расталған тауар жеткізілмегенін ескере отырып, мемлекетік сатып алудың жосықшы қатысушысы деп тану туралы талабын негізді және заңды деп санайды.

Документ подписан: Утегенова А. М., 16.01.2024

Дата вступления в законную силу: 20.02.2024, судья Утегенова А. М., 22.02.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден сот шығындары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап арызы – қанағаттандырылсын.

«UNIS Company» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«UNIS Company» ЖШС-нен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья А.М. Утегенова

Документ подписан: Утегенова А. М., 16.01.2024

Дата вступления в законную силу: 20.02.2024, судья Утегенова А. М., 22.02.2024

7119-23-3-6/1095